

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**Мектепте оқушылардың қаржылық сауаттылық дағдыларын
дамыту бойынша оқу-дидактикалық материалдар жинағы**

Астана, 2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2025 жылы 6 қарашадағы № 5 хаттамасының шешімімен ұсынылды.

Мектепте оқушылардың қаржылық сауаттылық дағдыларын дамыту бойынша оқу-дидактикалық материалдар жинағы – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025, 45 б.

Оқу-дидактикалық материалдар жинағы мектеп білім алушыларының қаржылық сауаттылық дағдыларын дамытуға арналған. Материалдар білім алушылардың қаржыны басқару саласындағы базалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар, практикалық жаттығулар, ойын түріндегі және жағдаяттық әдістерді қамтиды. Дайындалған ресурстар «Дүниетану», «Жаһандық құзыреттер» пәндерінде, сондай-ақ сыныптан тыс іс-шаралар аясында тиімді қолданылып, білім алушылардың экономикалық көзқарасын кеңейтуге және жауапты қаржылық іс-әрекетін дамытуға ықпал етеді.

КІРІСПЕ

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда өсіп келе жатқан ұрпақтың қаржылық сауаттылығын дамыту – білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі. Жеке қаражатты ұтымды басқару, кіріс пен шығысты жоспарлау, жинақ ақша мен инвестицияның маңызын түсіну жауапты әрі саналы қаржылық іс-әрекеттің негізін қалайды, бұл болашақта олардың табысты бейімделуіне ықпал етеді.

Қаржылық сауаттылық – бұл тек негізгі экономикалық ұғымдарды білу ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік беретін тәжірибелік құзыреттер жиынтығы. Білім алушылар ақша қайдан келетінін, оның құндылығы қандай екенін, ақшаның қандай түрлері болатынын, қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшалай емес есеп айырысудың айырмашылығын, не үшін ақша жинақтау маңызды екенін және қаражатты қалай тиімді жұмсауды түсінуі тиіс.

Қаржылық түсініктерді қалыптастыру бастауыш сыныптардан басталады. Бұл кезеңде оқытудың жас ерекшеліктеріне бейімделген ойын түріндегі және көрнекі нысандарын пайдалану ұсынылады. Сюжеттік ойындар, ертегілер, практикалық тапсырмалар мен талқылаулар арқылы білім алушылар «ақша», «еңбек», «кіріс», «шығыс», «үнемшілдік», «сатып алу» және «жинақ ақша» сияқты базалық ұғымдарды меңгереді, сондай-ақ қарапайым қаржылық жағдайларды талдап, қолда бар ресурстарға сүйене отырып шешім қабылдауға үйренеді.

Негізгі және жоғары сыныптарда қаржылық сауаттылық біртіндеп күрделене түседі: білім алушылар банк қызметтерімен, депозиттермен, кредиттермен, салықтармен, отбасылық бюджетпен, инвестициялармен, акциялар мен облигациялармен, сақтандырумен, цифрлық қаржымен және онлайн-төлемдердің қауіпсіздігімен танысады. Жоғары сыныптарда оқыту зерттеу және практикаға бағытталған сипатқа ие болады: білім алушылар нақты қаржылық жағдайларды талдайды, шағын жобалар әзірлейді, өмірдегі жағдайларды модельдейтін іскерлік және рөлдік ойындарға қатысады және тәуекелдерді, табыстылықты және құқықтық аспектілерді ескере отырып шешім қабылдайды.

Жинақта ұсынылған оқу-дидактикалық материалдар 1-11 сынып білім алушыларының қаржылық сауаттылығын қалыптастыру үшін педагогтерге арналған. Барлық тапсырма бастауыш сыныптарға арналған қарапайым ойын формаларынан бастап жоғары сынып білім алушыларына арналған талдамалық және жобалық тапсырмаларға дейін күрделене түсетін қағидатқа негізделген.

Жинақ материалдары құзыреттілік тәсілге сәйкес әзірленген және білім алушылардың қаржылық тұрғыдан ойлауын, жеке қаражатқа жауапкершілікпен қарауын, қаржы саласында қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға, сондай-ақ білімдерін нақты өмірдегі жағдайларда қолдану қабілетін жүйелі дамытуға бағытталған.

1. 1-4 сынып білім алушыларының қаржылық сауаттылық дағдыларын дамыту бойынша оқу-дидактикалық материалдар

Бастауыш сыныптарда қаржылық сауаттылықтың негіздерін қалыптастыру маңызды бағыт болып саналады, себебі бұл кезеңде білім алушыларда ақша, еңбек, үнемшілдік, кіріс пен шығысты жоспарлау туралы түсініктер қалыптасады.

Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған білім беруді дамыту тұжырымдамасында білім алушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыруға ерекше назар аударылған, бұл экономикалық тұрғыдан ойлау мен жеке қаржыны басқару дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Жүйелі әрі практикаға бағытталған жұмысты ұйымдастыру мақсатында FinGramota.kz медиапорталының оқу материалдарын пайдалану ұсынылады. Ұсынылған материалдар білім алушылардың жас ерекшеліктеріне бейімделген және онда ойын түріндегі тапсырмалар, интерактивті бейнежазбалар, ертегілер мен тесттер қамтылған. Олар базалық қаржылық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

№	Медиа-материалдың атауы / веб-адресі (URL)	Қысқаша аннотация
1	Оқытуға арналған FinGramota.kz медиапорталы https://fingramota.kz/ru/kids-app/priklyucheniya-asana-i-usena-ili-istoriya-o-tom-otkuda-berutsya-dengi	«Асан мен Үсеннің шытырман оқиғалары немесе Ақша қайдан келетіні туралы оқиға».
2	Оқытуға арналған FinGramota.kz медиапорталы https://fingramota.kz/ru/kids-app/publication/finansovaya-skazka-priklyucheniya-asana-i-usena-ili-istoriya-o-tom-otkuda-berutsya-dengi-i-kak-ih-ne-poteryat	«Асан мен Үсеннің шытырман оқиғалары немесе ақша қайдан келетіндігі және оны қалай жоғалтпау керектігі туралы» қаржыға қатысты ертегі. «Жауабын білесің бе?» деген шағын викторина. Жас қаржыгердің қойын дәптері (қаржылық сауаттылық). «Алтын тиын» балалар ойын бөлмесі. «Ақша тарихы» саяхаттау ойыны. Балаларға арналған қаржылық сөзжұмбақ.

Бастауыш сынып білім алушыларына қаржылық сауаттылықты түсіндіру үшін күнделікті өмірден алынған таныс заттарды және ойын түрлерін пайдаланған дұрыс. Мұндағы басты мақсат – ақшаның құндылығын, үнемдеудің маңызын және таңдау салдарының қандай болатынын қарапайым әрі қызықты түрде көрсету.

Ерте жастан бастап ойын арқылы қаржылық сауаттылыққа үйрету – ең тиімді әдіс. Ойын мен талдау қаржылық мәдениетті қалыптастыруға жағдай жасайды. Жас ерекшеліктеріне сай тапсырмалар білім алушылардың қызығушылығын сақтап, алған білімді өмірмен байланыстыруға көмектеседі.

«Дүкен» ойыны

Қажетті материалдар: ақша макеттері, құны көрсетілген тауарлардың суреттері, «Ақша жинау жоспары» (үш қорап: Шығын, Жинақ ақша, Сыйлық).

Ойынның ережелері: әр білім алушыға 500 теңгеден таратып, дүкеннен белгілі бір тауарды сатып алуды ұсыну. Егер ақшасы жетпесе, білім алушы басымдық қоя білуді үйренеді.

Мысалы: «Сенде 100 теңге бар. Кәмпіт – 30 теңге, нан – 60 теңге. Сенде қанша ақша қалады?»



«Қажеттілік және қалау» ойыны

Қажетті материалдар: тауарлардың суреттері (нан, сүт, ойыншық, шоколад, кітап, телефон және т.б.).

Ойынның ережелері: білім алушыларға тауарлардың суреттерін көрсетіп: «Бұл қажеттілік пе, әлде қалау ма?» деп сұрау. Жүргізуші білім алушыларға заттардың суреті бар карточкаларды таратады немесе көрсетеді.

1) Әр білім алушы карточканы алып, ондағы заттың қажеттілік пе немесе қалау ма екенін ойлайды.

2) Одан кейін білім алушы карточканы сәйкес қорапқа/плакатқа қояды:

- «Қажеттілік» қорабына – өмірге, оқуға, денсаулыққа қажет заттар.
- «Қалау» қорабына – ұнайтын, бірақ өмірлік маңызы жоқ заттар.

3) Жүргізуші әр таңдау бойынша талқылау жүргізеді: «Неліктен бұл зат – қажеттілік/қалау?».

4) Білім алушылар өз пікірлерімен бөліседі.

5) Ойын соңында барлық карточка салыстырылып, қорытынды жасалады.



«Тиындар» ойыны

Қажетті материалдар: ойыншық тиындар, бағасы көрсетілген тауарлар, «Сатушы» және «Сатып алушы» деген жазуы бар қағаз карточкалар.

Ойынның ережелері:

1. Сыныпта кішкентай «дүкен» ұйымдастырылады.
2. Бір топ – сатып алушылар, екінші топ – сатушылар.
3. Білім алушылар белгілі бір мөлшерде тиын алады және қажетті заттарды сатып алуы керек.
4. Педагог «бюджет» шектеуін белгілей алады және үнемдеудің жолдарын көрсетеді.



Бағасы: 5000 теңге



Бағасы: 500 теңге



Бағасы: 1000 теңге



«Азық-түлік себеті» тапсырмасы

Нұсқаулық: Отбасыңыздың бір айға азық-түлік себетіне негізгі өнім түрлерін таңдаңыз.



«Суреттерді бөліңіз» тапсырмасы

Қажетті материалдар: қолма-қол ақша (банкноттар, тиындар) және қолма-қол ақшалай емес төлем тәсілдерін (карта, телефон, терминал) бейнелейтін суреттер.

Нұсқаулық: суреттерді екі топқа бөліңіз: «Қолма-қол төлем» және «Қолма-қол ақшалай емес төлем».

Қолма-қол төлем	Қолма-қол ақшалай емес төлем



«Қолма-қол» немесе «Қолма-қол ақшалай емес» тапсырмасы

Тапсырма: Сөйлемдерді оқып, қай жерде «қолма-қол», ал қай жерде «қолма-қол ақшалай емес» ақша қолданылғанын анықтаңыз.

1. Айсұлу дүкенде купюрамен мен тиындармен төледі.
2. Әке дүкендегі сатып алған заттарын банк картасымен төледі.
3. Алина телефон балансын банк қосымшасы арқылы толтырды.
4. Қыз тиындарын жинақ сандықшасына салды.

Интерактивті тапсырма «Пазл жинау»

Тапсырманы орындау үшін білім алушыларға сілтеме бойынша өту ұсынылады:

<https://new-acc-space-16988.ispring.ru/app/preview/2bd97468-7f52-11f0-b332-9e731054b5e6>

«Ақшаны себетке жинайық» ойыны

Қажетті материалдар: ойыншық ақша, себеттер, киіз үй, камзол, пиала, шәйнек және басқа заттардың суреттері.

Ойынның ережелері:

1. Білім алушыларға үстелге шашылған ойыншық ақша таратылады.
2. Әр қатысушы өз заттарына сәйкес тиындар мен банкноттарды (мысалы, киіз үйге – белгілі бір сомма, пиалаға – басқа сома) мүмкіндігінше тез жинап, себетіне салады.
3. Ойын соңында қатысушылар жинаған ақшаларын санап, кімнің көбірек жинағанын анықтайды.

Сатушы	Ойыншық ақша мен тиындар	Сатып алушы Сандарды жаз
 1000 теңге		
 900 теңге		
 550 теңге		
 1 д. - 60 теңге 6 дана - ?		

«Нұрислам өзіне берілген ақшасын қалай жұмсады» тапсырмасы

Жұмыс нысаны: жеке немесе жұптық, сыныппен талқылау.

Нұрислам әр апта сайын 1 000 теңге жеке жұмсауға ақша алады.

Өткен аптада ол 600 теңгені тәттіге жұмсады, 200 теңгені ойыншыққа берді және 200 теңгені жинақ сандықшасына салуды шешті.

Бірнеше күннен кейін ол 1 500 теңгелік жаңа үстел ойынын көріп, оны сатып алғысы келді.

Сұрақтар:

- 1) Нұрисламда сатып алудан кейін қанша ақша қалды?
- 2) Үстел ойынын сатып алуға оның ақшасы жете ме?
- 3) Нұрислам ата-анасынан сұрамай ойынды сатып алу үшін не істей алады?
- 4) Ақшаны үнемдеуді білу не үшін маңызды?

2. 5-9 сынып білім алушыларының қаржылық сауаттылық дағдыларын дамыту бойынша оқу-дидактикалық материалдар

Қазіргі заман өсіп келе жатқан ұрпақтан тек білімді ғана емес, ақшаны саналы пайдалануды және жауапты қаржылық шешім қабылдауды талап етеді. Сондықтан білім алушыларда қаржылық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі білім берудің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Ұсынылған оқу-дидактикалық материалдарды педагогтер білім алушылардың қаржылық сауаттылығын дамытуға бағытталған сабақ және сабақтан тыс жұмыстарды тиімді жоспарлау үшін қолдануы үшін ұсынылады.

«Ақша түрлері мен цифрлық активтер» практикалық тапсырмасы

Сынып төрт топқа бөлінеді (Қолма-қол ақша, Қолма-қол ақшалай емес ақша, Цифрлық активтер және Орталық Банктердің Цифрлық валюталары) және олардан мына ақпаратты дайындауы тиіс:

- 1) Ақша түрінің анықтамасы мен сипаттамасы.
- 2) Қайда және қалай қолданылады.
- 3) Артықшылықтары мен кемшіліктері.
- 4) Өмірден мысалдар.
- 5) Болашақ перспективасы.

1-топ. Қолма-қол ақша

Тиындар мен банкноттар.

Эмитент – орталық банк.

Офлайн-транзакциялар кезінде физикалық айналыс қажет.

Артықшылықтары: әмбебап, техникалық құралдарды қажет етпейді.

Кемшіліктері: жоғалту және ұрлану қаупі, тозуы, шектеулі бақылау.

2-топ. Қолма-қол ақшалай емес ақша

Банктік шоттардағы жазбаларды білдіреді және онлайн аударымдарды жүргізу, тауарлар мен қызметтер үшін банк карталарымен, QR кодтар немесе интернет-банкинг арқылы төлем жасаған кезде пайдаланылады.

Физикалық түрде жоқ.

Операциялар банктер арасындағы жүйелер арқылы жүзеге асады.

Артықшылықтары: жылдам, ыңғайлы, бақылауға болады.

Кемшіліктері: Интернет желісіне қосылуды қажет етеді және/немесе банк инфрақұрылымына тәуелді.

3-топ. Цифрлық активтер

Криптовалюта (Bitcoin және т.б.).

Мемлекет тарапынан бақыланбайды.

Блокчейн технологиялары, өзгермелі, орталықтандырмау.

Алаяқтық, биржаларды немесе әмиянды бұзып кіру қаупі бар.

Цифрлық активтер саласындағы қауіпсіздік цифрлық сауаттылық деңгейіне және кибергигиена ережелерін сақтауға тікелей байланысты.

4-топ. Орталық Банктердің цифрлық валюталары

Эмитент: Қазақстанда - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

Ақшаның толық реттелетін нысаны.

Офлайн қолдануға болады.

Цифрлық сервистермен интеграциялануы мүмкін.

Практикалық тапсырмаларды орындағаннан кейін талқылау сұрақтары:

- Сіз күнделікті қандай ақша түрлерін пайдаланасыз?
- Сізге қайсысы ыңғайлы – қолма-қол ақша, карта немесе QR?
- Цифрлық валютаға өтуге қаншалықты дайынсыз?

«Банкнотты анықта»

Сілтемеге өтіп, қай банкнота түпнұсқалы екенін анықтауға тырысыңыз. Практикалық тапсырманы орындау кезінде қорғау элементтеріне, түсіне, басып шығару сапасына және басқа белгілеріне назар аударыңыз.

Сілтеме: <https://new-acc-space-16988.ispring.ru/app/preview/34439704-7f53-11f0-8c81-3aa24499711a>

«Ақша эволюциясы» ойыны

Әр командаға ақша түрлерінің суреттері бар карточкалар беріледі: табиғи айырбас; қауыздар, металдар; тиындар, банкноттар; банк карталары; электронды әмияндар; криптовалюта; цифрлық теңге.

Тапсырма: карточкаларды хронологиялық ретпен орналастырыңыз – ең ежелгі ақша түрлерінен қазіргі заманға дейін.

Тапсырманы орындағаннан кейін командалар мына сұрақтарды талқылайды:

- Уақыт өте келе ақша түрлері неге өзгерді?
 - Бұл өзгерістерге қандай факторлар әсер етті?
- (Жауаптарды тақтаға немесе флипчартқа жазуға болады).*

«Отбасылық бюджет»

Практикалық жұмыс екі кезеңде жүргізіледі.

1-кезең. Сіздің партаңызда тауарлар мен қызметтердің атаулары жазылған карточкалар жатыр. Айлық бюджетіңізді қай заттарға жұмсайтыныңызды таңдаңыз.



2-кезең. Отбасыңыздың айлық бюджеті – 150 монета.

- Отбасылық бюджет қай заттарға жұмсалады?

- Жоғарыдағы тізімде бірінші орынға не қойылуы керек?

Содан кейін парақшаларды аударып, қанша ақша жұмсағаныңызды есептеңіз.

Дәрі-дәрмек – 8 монета; азық-түлік – 50 монета бастап; киім – 10 монета бастап; аяқ киім – 5 монета бастап; тұрмыстық химия (жуу ұнтағы, сабын және т.б.) – 38 монета; көлікпен қатынау – 10 монета; үйірмелер (музыкалық, спорттық және т.б.) – 10 монета; кітаптар – 7 монета; электроника сатып алу (мысалы, планшет, ұялы телефон, тоңазытқыш және т.б.) – 40 монета бастап; ойыншықтар – 3 монета бастап; салық төлеу – 10-14 монета; коммуналдық қызметтер – 20 монета бастап; ойын-сауық (кино, цирк, кафе және т.б.) – 6 монета; туристік сапар – 80 монета бастап; автокөлік шығындары – 25 монета бастап.

(Педагог жалпы соманы есептейді, нәтижелерді тіркейді және білім алушылардың пікірлерімен қорытынды талқылау өткізеді).

«Телефон алаяқтары: не істеу керек?»

Нұсқаулық: ұсынылған жағдайлармен танысып шығып, қауіп-қатерді анықтаңыз және жауабыңызды дәлелдеп түсіндіріңіз.

Талқылау үшін жағдайлар:

- Сізге «банк қызметкері» қоңырау шалып, ұялы телефонға келген SMS-хабарламаның кодын айтуды сұрайды.

- Белгісіз адам сізге сыйлық ұтқанын хабарлайды, бірақ «жеткізу» ақысын төлеу қажет дейді.

- Досыңыз атынан қоңырау шалып, мессенджер арқылы ақша аударуды сұрайды – бірақ дауыс досыңызға ұқсамайды.

- Туысыңыз қарызға ақша сұрайды, бірақ жаңа нөмірден қоңырау шалады.

Сұрақтар: Бұл жағдайда қандай қауіп бар деп ойлайсыз? Қандай сөздер немесе жағдайлар сізді сақ болуға мәжбүр етеді?

«Жалған қоңырауды анықта»

Нұсқаулық: Сөз тіркестерін оқып, қайсысын алаяқтар қолданатынын анықтаңыз.

Сөз тіркестері:

Алаяқтар қолданатын сөз тіркестері:

- «Сіздің картаңыздан ақша алғалы жатыр. SMS-хабардағы кодты айтыңыз!»

- «Біз банктеміз. Карта нөмірін және CVV кодын растаңыз».

- «Құттықтаймыз, сіз iPhone ұтып алдыңыз! Тек жеткізу ақысын төлесеңіз болды».

- «Досыңыз қиын жағдайда тұр, дереу ақша аударыңыз!»

- Азаматтарды қауіп-қатерден сақтандыратын сөз тіркестері:

- «*Банк ешқашан карта деректерін телефон арқылы сұрамайды*».

- «*Жеке деректерді тек қана ресми сайттарда беріңіз*».

Талқылаңыз: қандай сөз тіркестері алаңдатады және неге.

«Жеке деректер мен қаржыны қорғау»

Кибералақтық және жеке деректер ұғымы талқыланады. Сонымен қатар FinGramota.kz сайтындағы материалдарды мына сілтеме бойынша қарау ұсынылады:

<https://fingramota.kz/ru/kids-app/publication/moshenniki-v-seti-kak-ne-stat-zhertvoj-kiberprestupnikov>

Сұрақтар:

- Бір қарағанда заңды болып көрінетін алаяқтықты қалай тануға болады?

- Сілтемеге өтер алдында нені ескерген жөн?

- Егер банктегі шотыңыздан ақша жоғалса, не істер едіңіз?

- Интернет желісінде өзіңізді қалай қорғайсыз? Қандай ережелерді ұстанасыз?

- SMS-хабарға келген кодты немесе картаның CVV кодын тіпті таныстарыңызға да бермеудің маңызы неде?

- Егер байқаусызда жеке деректерді алаяқтарға беріп қойсаңыз, не істеу керек?

- Қандай белгілер сайттың немесе хабарламаның жалған екенін көрсетеді?

«Менің табыс табу идеям» атты мини-жоба

Тапсырма: Мини-жобаны жасап, келесі сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің мақсатыңыз: табыс әкелетін жай әрі тиімді идея ойлап табу (мысалы: білезік жасау, бәліш пісіру, қолөнер бұйымдарын жасау, сурет салу, сувенирлер жасау және т.б.).

Жоба идеясының атауы:

(Мысалы: «Қолдан жасалған эко-шамдар», «Тәтті букеттер» және т.б.)

1. Бұл идеяны кім жасай алады?

(Бір адам, достармен бірге, сынып және т.б.)

2. Жобаны бастау үшін не қажет?

(Материалдар, құрал-жабдық, жарнама, сату орны және т.б.)

3. Жобаны іске асырудан қандай табыс күтуге болады?

(Бір аптада/айда қанша ақша табуға болатынын шамамен есептеу)

4. Қандай ықтимал тәуекелдер бар?

(Жоспарға сәйкес келмейтін жағдайлар: уақыттың, материалдардың, сатып алушылардың жетіспеуі және т.б.)

5. Сатып алушыларды немесе пайдаланушыларды қалай қызықтыруға болады?

(Жарнама жасау, жариялау идеялары, безендіру, Интернет желісінде парақша ашу және т.б.)

6. Сіздің жобаңыз басқаларға қай жағынан пайдалы болады?

(Кімге көмектесе алады немесе адамдарға пайдалы бола ма)

Инвестиция түрлері.

Цифрлық активтер

Білім алушыларды цифрлық активтердің негізгі сипаттамасымен таныстыру ұсынылады.

1) Қамтамсыз етілген цифрлық активтер.

Нақты активпен (алтын, жылжымайтын мүлік және т.б.) қамтамсыз етілген.

Мемлекет қамтамсыз етудің бар-жоғын бақылайды.

2) Қамтамсыз етілмеген цифрлық активтер – (криптовалюта - Bitcoin және т.б.).

Қамтамсыз етілмеген, инвесторлардың сұранысына байланысты құны өседі немесе түседі.

Мемлекет тарапынан бақыланбайды.

Қазақстан Республикасы аумағында шығаруға немесе айналымға енгізуге тыйым салынған, тек «Астана» халықаралық қаржы орталығының юрисдикциясы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банктің ерекше реттеу режимінде ғана рұқсат етілген.

«Цифрлық активтерді реттеу орталығы»

Цифрлық активтер бойынша мини-жоба ойлап тауып, реттеу ортасына өтініш дайындаңыз.

1-кезең	Жобаның атауы	
2-кезең	Цифрлық активтің түрі (қамтамасыз етілген / қамтамасыз етілмеген)	
3-кезең	Жобаның мақсаты	
4-кезең	Актив немен қамтамасыз етілген?	
5-кезең	Жобаның артықшылығы неде?	
6-кезең	Қандай тәуекелдер бар?	

«Цифрлық активтер»

Цифрлық активтердің түрлерін салыстыру үшін кестені толтырыңыз:

Негіздеме	Қамтамасыз етілген цифрлық актив	Қамтамасыз етілмеген цифрлық актив
Активтің негізі неде (қамтамасыз ету)		
Мысалдар		
Бағаның өзгеру қаупі бар ма?		
Реттеу (мемлекеттің бақылауы)		
Инновация деңгейі		
Инвестор үшін қандай тәуекелдер болуы мүмкін?		
Қай жерде қолданылуы мүмкін?		
Пайдаланушыларды қалай қорғауға болады?		
Мектепте қолдану мысалдары		

«Активті және пассивті кіріс»

Ұсынылып отырған кіріс түрлерінің қайсысы «активті», қайсысы «пассивті» екенін анықтаңыз.

№	Кіріс	Активті	Пассивті
1	Курьер болып жұмыс істеуден алатын жалақы	+	
2	Өзі жасаған өнімдерді (білезік, сурет және т.б.) сату	+	
3	YouTube, Instagram, TikTok және басқа платформалардан түсетін табыс	+	
4	Ата-ананың жалақысы	+	
5	Пәтерді жалға беру		+
6	Жәрдемақы алу	+	
7	Стипендия	+	
8	Банктегі депозиттен түсетін табыс		+
9	Сатып алынған акциялардан түсетін дивидендтер		+

«Отбасы бюджетін жүргізу ережелері» жадынамасы

- Отбасының бүкіл табысын қадағалаңыз.
 - Барлық түскен қаражатты: жалақы, стипендия, жәрдемақы, зейнетақы, қосымша жұмыстан түсетін ақшаны және басқа табыс көздерін ескеріңіз.
- Бүкіл шығысты белгілеп отырыңыз.
 - Тіпті кафеге бару, жол ақысы, онлайн жазылу және т.б. сияқты аз шығынды да жазып отырыңыз.
- Шығыстарды міндетті және міндетті емес деп екіге бөліңіз.
 - Міндетті: азық-түлік, коммуналдық қызметтер, тұрғын үй, көлік.
 - Міндетті емес: ойын-сауық, бір нәрсе сатып алу.
- Бюджетті алдын ала жоспарлаңыз.
 - Айдың басында қанша ақша жұмсайтыныңызды және қайда жұмсайтыныңызды жоспарлауға дағдыланыңыз.
- Кірісіңіз бен шығысыңызды салыстырыңыз.
 - Бюджетіңізді тең дәрежеде ұстап, үнемдеуге мүмкіндік беретіндей етіп жасаңыз.
- Кез келген табысыңыздың кемінде 10%-ын жинаңыз.
 - Күтпеген жағдайлар үшін «қаржылық қауіпсіздік қорын» қалыптастырыңыз.
- Өзіңіз жұмсаған шығынды талдап, үнемдеу жолдарын іздеңіз.
 - Алдын ала жасалған тізім бойынша сауда жасаңыз, жеңілдіктер мен акцияларды пайдаланыңыз, ойланбай тез ақша жұмсаудан аулақ болыңыз.
- Барлық отбасы мүшелерін қатыстырыңыз.
 - Бюджетті жүргізу – барлығына ортақ іс. Оны отбасыңызбен бірге талқылаңыз.
- Қаржыны есептеуге арналған қосымшаларды пайдаланыңыз.
 - Бұл ақша қозғалысын қадағалауға және шығысты бақылауға көмектеседі.
- Айдың соңында бюджетті талдаңыз.

- Қорытынды жасаңыз, қай жерде үнемдегеніңізді және қай жерде қаржылық шешімдерді жақсартуға болатынын талдаңыз.

«Біздің қалтамызға бағаның қымбаттауы қалай әсер етеді?»

кейс-жағдаяты

Жағдаят: А отбасы бір жылға арналған отбасы бюджетін мұқият жоспарлады. Қаңтарда олардың ай сайынғы шығысы 350 000 теңге болды (тұрғын үй, азық-түлік, көлік, байланыс және басқа да қажеттіліктер ақысын төлеу). Отбасы 6 айдан кейін сатып алу көлемі мен құрамы өзгермесе де шығысының 380 000 теңгеге өскенін байқады. Бірақ табыс көлемі бұрынғы күйінде қалған.

Тапсырма:

1. Отбасы шығысының қанша пайызға өскенін есептеңіз.
2. Мұны инфляцияның әсері деп атауға бола ма?
3. Бюджет тұрақтылығын сақтап қалу үшін отбасы қабылдай алатын шараларды ұсыныңыз.
4. «Бір жыл ішінде негізгі тауарлардың бағасы қалай өзгерді» деген кестені толтырыңыз (таңдаған тауарлар мен қызметтердің қазіргі бағасын табыңыз, қазіргі бағамен өткен жылғы бағаларды салыстырыңыз, әр тауар бойынша өсу пайызын есептеңіз).

*бір жыл бұрынғы баға туралы мәліметтерді мына сілтемеден алуға болады
<https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/prices/spreadsheets/?year=2025&name=19087&period=&type>

№	Тауар/қызмет	Бір жыл бұрынғы баға (теңге)	Қазіргі баға (теңге)	Бағаның өсуі (%)
1	Нан			
2	Сүт (1 л.)			
3	Жұмыртқа (10 дана)			
4	Ұн (1 кг.)			
5	Көлік (жол жүру) және т.б.			

Талқылау сұрақтары:

- Инфляция дегеніміз не және оның себептері қандай?
- Жоспарлау барысында инфляцияны ескеру неге маңызды?
- Инфляция ел экономикасына және азаматтардың өміріне қалай әсер етеді?
- Инфляциямен күресу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі не істей алады?

«Қаржылық шешімдер» кейсі

Айгерім – 9 сынып оқушысы. Оның табысы: жүріп-тұруына арналған ақшасы – 15 000 теңге, қосымша жұмыстан табатын табысы – 10 000 теңге. Барлығы: 25 000 теңге.

Оның шығысы: мектептегі түскі ас және көлік ақысы – 10 000 теңге, ұялы байланыс және интернет ақысы – 5 000 теңге, өзіне қажетті заттарды сатып алу – 5 000 теңге.

Қалғаны: 5 000 теңге.

Айгерім қалған ақшаны қайда салуды ойлайды:

- **банктегі депозитке** жинау;
- мобильді қосымша арқылы **акцияға салу**;
- ай сайын **50% табыс** әкелуге уәде ететін **«жаңа жобаға»** салу;

Талқылау сұрақтары:

- Ұсынылған нұсқалардың қайсысы ең сенімді?
- Әр нұсқаның артықшылықтары мен кемшіліктері неде?
- «Жаңа жоба» неге алаяқтық әрекет болуы мүмкін?
- Айгерім қалған ақшамен не істейді?
- Айгерім не нәрсеге ақша жинай алады?

Толтыруға арналған кесте:

Нұсқа	Плюсі	Минусі	Қорытынды
Депозит			
Акциялар			
«Жаңа жоба»			

Кестені толтырыңыз. Айгерімнің 6 айға арналған жинақ жоспарын құрастырыңыз. Алаяқтық схемаларды қалай анықтауға болатынын талқылаңыз. Өз нұсқаңызды сыныпқа ұсыныңыз.

«Банк және сенім» кейс-жағдаяты

Анасы банктен депозит ашқысы келеді. Көршісі оған апта сайын 20% пайда беруге уәде ететін жеке компанияны ұсынады. Анасы мұндай ұсынысқа сенуге бола ма деп күмәнданады.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Неліктен банктер мен қаржы ұйымдарының **лицензиясының** бар-жоғын тексеру маңызды?
2. **Қаржылық пирамида** деген не және ол қалай жұмыс істейді?
3. Неге «тым тиімді» ұсыныстар көбінесе **алаяқтық** болып шығады?
4. **Сенімді банкті алаяқ ұйымнан** қалай ажыратуға болады?

«Шешімдер банкі»

Жұмыс форматы: топтық

Орындау барысы:

Әр топқа кейс жазылған карточка беріледі (мысалы, «велосипед сатып алуға кредит», «банктегі салым», «банктік картаны жоғалту» және т.б.).

Топтың міндеті – кейіпкерге **жағдайға байланысты кеңес** дайындау. Ол үшін келесі сұрақтарға жауап беру керек:

- Қандай әрекеттер жасауға болады?
- Неден аулақ болу керек?
- Қандай қорытынды шығаруға болады?

Талқылаудан кейін әр топ **өз шешімін** «қаржылық кеңесші» форматында таныстырады.

«Менің алғашқы бизнесім» іскерлік ойыны

Жағдаят: Бір топ жасөспірім мейрамға арналған мерекелік қолөнер сыйлықтарын жасап сататын шағын бизнес ашуды шешті. Бастапқы капитал – 30 000 теңге болды. Шығынды жоспарлап, ықтимал пайданы есептеп, тауарды жарнамалау тәсілдерін анықтау қажет.

Рөлдер бөлінісі:

Директор – негізгі шешімдерді қабылдайды, қаржы ағынын бақылайды.

Маркетолог – ілгерілету стратегиясын әзірлейді және жарнамаға жауап береді.

Қаржыгер – есеп айырысуды жүргізеді, бюджетті құрайды, пайда/шығынды талдайды.

Дизайнер (шебер) – өнім шығарады және сапасына жауап береді.

Клиент – дайын өнімді бағалайды, жақсарту ұсыныстарын айтады.

Талқылауға арналған сұрақтар:

- Бастапқы капиталды алдымен неге жұмсау қажет?
- Тауардың бағасын дұрыс қалай анықтауға болады?
- Залалдың алдын алу үшін қандай әрекеттер жасау керек?
- Табысты кәсіпкер болу үшін қандай жеке қасиеттер қажет?
- Бизнес пайда әкелмесе не істеу керек?

«Қорғаныс стратегиясы»

Топтық жұмыс: «Жеке деректеріңді қалай қорғайсың?» тақырыбында постер немесе қағидалар тізімін құру.

1. Интернет желісінде артық ақпарат таратпаймын.
2. Сенімді парольді қолданамын.
3. Парольді ешкімге айтпаймын.
4. Деректер енгізбес бұрын сайттарды тексеремін.
5. Күдікті сілтемелер мен файлдарды ашпаймын.
6. Өлеуметтік желілердегі құпиялық параметрлерін баптаймын.
7. Бірдеңе жібермес бұрын ойланып аламын.
8. Ата-анамнан, үлкендерден көмек сұраймын.

Есінде болсын: Сенің жеке ақпаратың – сенің қорғаның. Оны үйіңнің кілтіндей сақта.

«Қауіп бар ма?»

Жағдаятты талдау.

Сізге банктің атынан сияқты: «Сіздің картаңыз бұғатталды. Толық ақпарат үшін сілтеме: <http://www.bank2025.kz/account> деген SMS-хабарлама келіп түсті.

Талқылау сұрақтары:

- Бұл хабарламада қандай фишинг белгілері бар?
- Неліктен бұл – фишинг?
- Мұндай жағдайда не істеу қажет?

Қорытынды: Абай болыңыз! Егер хабарлама күмән тудырса – жеке деректер мен ақшадан айырылғанша, сол хабарламаны қайта тексерген жөн.

«Менің цифрлық іздегі жеке деректерім»

Тапсырма:

1. Іздеу жолына (Google немесе әлеуметтік желілерден) **өз атыңызды, тегіңізді** немесе әлеуметтік желілерде, форумдарда болмаса ойын платформаларында жиі қолданатын никнеймді теріңіз.

2. Іздеу нәтижелерін талдаңыз:

- Сіз туралы қандай ақпарат (фото, профильдер, пікірлер, жарияланымдар, ескертулер) қолжетімді?

- Қандай деректер **дербес** (телефон нөмірі, мекенжай, мектеп, туған күн және т.б.) болып табылады және **жасырылуы тиіс**?

- Бұл мәліметтерді өзіңіз қайда жарияладыңыз, ал қайсысы сіздің рұқсатынсыз шыққан?

3. Ақпараттың ашық болуынан туындауы мүмкін **тәуекелдерді** бағалаңыз:

- Теріс пиғылды адамдар бұл деректерді қалай пайдалана алады?

- Бұл сіздің қауіпсіздігіңізге, оқуыңызға немесе болашақ жұмысқа орналасуыңызға әсер етуі мүмкін бе?

4. Интернет желісінде **өз деректеріңізді қорғау үшін 5 қадам** ұсыныңыз (мысалы: құпиялықты баптау, екі факторлы аутентификация, профильге қол жеткізуді шектеу және т.б.).

Талқылауға арналған сұрақтар:

- Өз цифрлық беделіңізді басқару неліктен маңызды?

- Интернет желісінде ақпараттың қандай деңгейін қауіпсіз деп есептеуге болады?

Маңызды: Тек өзіңіз туралы ақпаратты іздеңіз. Басқа адамдардың дербес деректерін жарияламаңыз.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша FinGramota.kz

жобасының материалдары, сондай-ақ «OYLA» ғылыми-танымдық журналының жарияланымдары, инфографикалық білім беру материалдары, «Qarjy Quest» ресурстары пайдалану үшін және қаржылық сауаттылық бойынша сабақтар өткізуге ұсынылады. Жарияланымдардың тақырыбы өзекті бағыттарды: қауіпсіз онлайн-іс-әрекет негіздері және цифрлық алаяқтықтан қорғау; банктік карталар мен онлайн-сервистерді пайдалану негіздері; және т.б. қамтиды. Жобаның материалдарымен мына ресми Интернет-ресурс арқылы танысуға болады:

№	Медиа-материалдың атауы / веб-адресі (URL)	Қысқаша аннотация
1	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/asan-men-senni-bastan-keshkenderi-nemese-sha-turaly-hikaya-2-tarau	«Асан мен Үсеннің шытырман оқиғалары немесе ақша қайдан келеді және ақшадан қалай айырылып қалмау керек екені туралы хикая». 2-тарау. Жас қаржыгердің қойын дәптері (бюджет, отбасының кірісі, отбасының шығысы, күнделікті жарататын ақша). «Проблемалардан аулақ болуға көмектесетін бірнеше кеңес» пайдалы ақпарат қоры. «Отбасылық бюджетті қалай үнемдеуге болады?» комикс-оқулығы. «Ақшаға толы сөмке» шытырман ойыны. Балаларға арналған қаржылық кроссворд.
2	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/asan-men-senni-basynan-keshkenderi-nemese-sha-turaly-hikaya-3-tarau	«Асан мен Үсеннің шытырман оқиғалары немесе ақша қайдан келеді және ақшадан қалай айырылып қалмау керек екені туралы хикая». 3-тарау. Жас қаржыгердің қойын дәптері (қаржы, жеке бюджет, жеке қаржылық жоспар). Пайдалы ақпарат қоры. «Арманға ақша жинаймыз!» комикс-оқулығы. «Арманға жету жолдары» шытырман ойыны.
3	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/asan-men-senni-basynan-keshkenderi-nemese-sha-turaly-hikaya-4-tarau	«Асан мен Үсеннің шытырман оқиғалары немесе ақша қайдан келеді және ақшадан қалай айырылып қалмау керек екені туралы хикая». 4-тарау. Жас қаржыгердің қойын дәптері (Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, ҚР). Пайдалы ақпарат қоры. «Банктік жүйе қалай жұмыс істейді?» комикс-оқулығы. «Банктердің функциялары». шатастыру ойыны. Балаларға арналған қаржылық кроссворд.
4	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/asan-men-senni-basynan-keshkenderi-nemese-asha-turaly-hikaya-5-tarau	«Асан мен Үсеннің шытырман оқиғалары немесе ақша қайдан келеді және ақшадан қалай айырылып қалмау керек екені туралы хикая». 5-тарау. Жас қаржыгердің қойын дәптері (банктік

		карта, есепшот, балалар картасы, PIN-код, SVC-код). Пайдалы ақпарат қоры. «Балаларға арналған банктік карта және қауіпсіздік ережелері» комикс-оқулығы. «Балалар банктік картасының артықшылықтары мен кемшіліктері» саяхаттау ойыны.
5	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/asan-men-senni-basynan-keshkenderi-nemese-asha-turaly-hikaya-6-tarau	«Асан мен Үсеннің шытырман оқиғалары немесе ақша қайдан келеді және ақшадан қалай айырылып қалмау керек екені туралы хикая». 6-тарау. Жас қаржыгердің қойын дәптері (білім беру депозиті). Пайдалы ақпарат қоры. «Балалық шақтан бастап білім алу туралы ойлан» комикс-оқулығы. «Білім беру депозиті» саяхаттау ойыны.
6	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/asan-men-senni-basynan-keshkenderi-nemese-asha-turaly-hikaya-7-tarau	«Асан мен Үсеннің шытырман оқиғалары немесе ақша қайдан келеді және ақшадан қалай айырылып қалмау керек екені туралы хикая». 7-тарау. Жас қаржыгердің қойын дәптері (сақтандыру). «Сақтандыру келісімін қалай жасауға болады?» комикс-оқулығы. «Сақтандырумен өмір» саяхаттау ойыны.
7	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/asan-men-senni-basynan-keshkenderi-nemese-asha-turaly-hikaya-8-tarau	«Асан мен Үсеннің шытырман оқиғалары немесе ақша қайдан келеді және ақшадан қалай айырылып қалмау керек екені туралы хикая». 8-тарау. Пайдалы ақпарат қоры. «Сатып алу немесе алмау?» комикс-оқулығы. «Ақшанды қалай жоғалтпау сақтау керек» саяхаттау ойыны.
8	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/asan-men-senni-basynan-keshkenderi-nemese-asha-turaly-hikaya-9-tarau	«Асан мен Үсеннің шытырман оқиғалары немесе ақша қайдан келеді және ақшадан қалай айырылып қалмау керек екені туралы хикая». 9-тарау. Қаржылық сөздік (фишинг, онлайн-ойын, спам, SMS-хабарлама). Пайдалы ақпарат қоры. «Интернеттегі қауіпсіздік ережелері» комикс-оқулығы. «Интернеттегі алаяқтардың торына түспеу үшін не істеу керек?» лабиринт ойыны.
9	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/asan-men-senni-basynan-keshkenderi-nemese-asha-turaly-hikaya-10-tarau	«Асан мен Үсеннің шытырман оқиғалары немесе ақша қайдан келеді және ақшадан қалай айырылып қалмау керек екені туралы хикая». 10-тарау. Қорытынды шығарылым – Адам неге қаржы жағынан сауатты болу керек? Пайдалы ақпарат қоры (қаржылық

		сауаттылық қағидалары). «Қаржымен дос бол» комикс-оқулығы. «Қаржылық сауатты балаларға арналған ойын» саяхаттау ойыны.
10	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/cifrly-alayaty-degenimiz-ne-zhne-ony-alaj-boldyrmaua-bolady	«Цифрлық алаяқтық дегеніміз не және одан қалай сақтануға болады?»
11	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/kriptovalyuta-degenimiz-ne-zhne-ony-alaj-pajdalanamyz	«Криптовалюта дегеніміз не және оны қайда пайдаланады?»
12	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/onlajn-satandyru-degenimiz-ne-zhne-satandyrushylar-balalara-ne-syna-alady	«Онлайн сақтандыру дегеніміз не және сақтандырушылар балаларға қандай сақтандыру өнімін ұсына алады?»
13	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/pajdaly-satandyru	«Пайдалы сақтандыру»
14	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/aqyl-degenimiz-ne-zhne-bilim-beru-depozitin-alaj-onlajn-ashua-bolady	«AQYL дегеніміз не және білім беру депозитін қалай онлайн ашуға болады»
15	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/tlemder-audarymdar-zhne-onlajn-alayatar	«Төлемдер, аударымдар және онлайн-алаяқтар»
16	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/z-ymyzdy-alaj-orajmyz-zhne-ajda-zhginemiz	«Өз құқымызды қалай қорғаймыз және қайда жүгінеміз?»
17	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/cifrly-nimderdi-kmegimen-ashany-alaj-nemdeuge-bolady	«Цифрлық өнімдердің көмегімен ақшаны қалай жинауға болады»
18	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/satyp-alu-shin-virtualdy-kartalardy-alaj-drys-pajdalanu-azhet	«Сатып алу үшін виртуалды карталарды қалай дұрыс пайдалану қажет»
19	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/dropper-degen-kim-olar-nesimen-auipti	«Дропперлер деген кім? Олар несімен қауіпті?»
20	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/banktik-kredit-pajdalanu-erezhesi	«Банктік кредит: пайдалану ережесі»
21	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/zhaadan-bastaandar-investiciyal-oidanbalardy-alaj-pajdalanady	«Жаңадан бастағандар инвестициялық қолданбаларды қалай пайдаланады?»
22	FinGramota.kz оқу медиапорталы	«Білім алу депозиті дегеніміз не?»

	https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/bilim-alu-depoziti-degenimiz-ne	
23	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/investiciya-degen-ne-zhne-olar-andaj-bolady	«Инвестиция деген не және олар қандай болады?»
24	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/keleshekke-aldyramyz	«Келешекке қалдырамыз»
25	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/arzhly-piramidadan-alaj-aula-zhremiz	«Қаржылық пирамидадан қалай аулақ жүреміз»
26	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/sauatty-zhospar-ramyz-arzhly-masatymyz-alaj-zhetemiz	«Сауатты жоспар құрамыз. Қаржылық мақсатымызға қалай жетеміз?»
27	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/arzhly-yzmetter-zhne-olardy-erekshelikteri	«Қаржылық қызметтер және олардың ерекшеліктері»
28	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/kndelikti-arazhatymyzdy-onlajn-trde-alaj-basaramyz	«Күнделікті қаражатымызды онлайн түрде қалай басқарамыз?»
29	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/zhelidegi-alayatar-kiberylmyskerlerdi-tzayna-tspeu-zholdary	«Желідегі алаяқтар: киберқылмыскерлердің тұзағына түспеу жолдары»
30	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/cifrlly-gigiena-degenimiz-ne-zhne-ol-balalara-ne-shin-azhet	«Цифрлық гигиена дегеніміз не және ол балаларға не үшін қажет?»
31	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/oyla-zhurnalynda-arzhly-sauattyly-bojynsha-balalar-arnal-arnajy-bet-shyty	«Балаларды ақша ұстауға дұрыс үйретеміз»
32	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/balalar-bank-kartasy-alaj-drys-pajdalanamyz	«Балалар банк картасы: қалай дұрыс пайдаланамыз»
33	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/kids-app/publication/onlajn-banking-andaj-arzhly-yzmetterdi-ashytan-alu-bolady	«Онлайн-банкинг: қандай қаржылық қызметтерді қашықтан алуға болады»
34	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/infographics/details/arzhly-piramidany-belgileri	Қаржылық пирамиданың белгілері.
35	FinGramota.kz оқу медиапорталы	Интернеттегі алаяқтар: Оларды қалай тануға және алданбауға болады.

	https://fingramota.kz/kk/infographics/details/internetegi-alayatar-olardy-alaj-tanu-bolady-zhne-alданbayz	
36	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/infographics/details/sizdi-kiberalayatardan-orajtyn-arapajym-auiptsizdik-erezheleri	Сізді кибералаяқтардан қорғайтын қарапайым қауіпсіздік ережелері.
37	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/infographics/details/arzhily-yzmetterdi-ttynushylar-andaj-tuekelge-tap-boluy-mmkin	Қаржылық қызметтерді тұтынушылар қандай тәуекелге тап болуы мүмкін.
38	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/infographics/details/arzhypiramidasyn-alaj-shkereleu-kerek-chek-paray	Тексеру парағы «Қаржы пирамидасын қалай әшкерлеу керек» чек-парағы.
39	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/infographics/details/kredit-tik-shart-zhasamas-bryn-ne-bilu-kerek	Кредиттік шарт жасамас бұрын не білу керек.
40	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/infographics/details/shinshi-tl-andaj-dereakterdi-habarlau-bolmajdy	Үшінші тұлғаға қандай деректерді хабарлауға болмайды?
41	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/qarjy-quests/detailed/bilim-aluga-kalay-asha-zhinauga-bolda	«Білім алуға қалай ақша жинауға болады».
42	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/qarjy-quests/detailed/karzhylyk-qatelikter-olardan-qalay-saktanau-kerek	«Қаржылық қателіктер: олардан қалай сақтану керек»
43	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/qarjy-quests/detailed/oyindarda-artyk-shygynyldamau-donattar-skinler-mikrotolemder	«Ойындарда артық шығындалмау жолы: донаттар, скиндер және микротөлемдер»
44	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/qarjy-quests/detailed/jasospirim-banktik-kartany-kalai-durus-payindalanuy-kerek	«Жасөспірім банктік картаны қалай дұрыс пайдалануы керек?»
45	FinGramota.kz оқу медиапорталы https://fingramota.kz/kk/qarjy-quests/detailed/fingramota-kz-ten-bilim-beru-beyneroliginin-premerasyy	«Жеке бюджет: қаржыны қалай басқаруға болады»
46	Youtube канал ӨРЛЕУ «Біліктілікті Арттыру Ұлттық орталығы» АҚ https://youtube.com/@orleukz?si=3XsUSHQzzfbtj159	Мына тақырыптарға арналған Мультипликациялық роликтер түріндегі анимациялық материалдар (мультфильмдер): 1) Кіріс пен шығыс; 2) Ақша түрлері; 3) Отбасылық бюджет; 4) Қаржылық мақсаттар мен жинақ ақша; 5) Жалақы, еңбекақы; 6) Қаржы жүйесіне шолу;

		7) Инфляция; 8) Кредит пен бөліп төлеу; 9) Инвестициялау негіздері; 10) Қаржылық алаяқтық; 11) Қаржы пирамидалары; 12) Жеке деректер мен ақшалай қаражатты қорғау
47	https://oqu.orleu.edu.kz	Мына тақырыптар бойынша білім алушыларға арналған онлайн тренажер (интерактивті жаттығу): бюджетті әзірлеу, инвестицияларды талдау, қаржылық тәуекелдерді анықтау.
48	https://oqu.orleu.edu.kz	Интерактивті оқыту құралы форматында білім алушыларға арналған оқыту симуляторы.

«Салықтар не үшін қажет?»

Жағдаят: Аружан бисер жасаумен айналысады. Ол Instagram парақшасын ашып, бұйымдарын сата бастайды. Үш ай ішінде ол шамамен 150 000 теңге табыс табады. Құрбысы оған енді Аружан «жеке кәсіпкер» болып саналады және салық төлеуі тиіс екенін айтыпты. Аружан шатасып қалады:

- Ол кәсіпкер ретінде тіркелуі қажет пе?
- Қандай салықтар төлеуі керек?
- Декларация деген не?
- Барлығын онлайн жасауға бола ма?

Тапсырмалар:

1. **Аружанның мәртебесін айқындаңыз.** Егер оның табысы тұрақты емес және аз болса, жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі керек пе? Жауабыңызды дәлелдеңіз.

2. **Түсініктерді талдаңыз.** Салық деген не; салық түрлері; салық декларациясы деген не.

3. **Талдау жасаңыз.** Қазақстан азаматтары декларация тапсыруға міндетті болатын минималды табыс шегі туралы ақпаратты табыңыз. (egov.kz немесе FinGramota.kz сайттарын пайдалануға болады).

4. **Практикалық тапсырма:** егер Аружан табысын декларациялауды шешсе, салықты есептеңіз (мөлшерлеме – 150 000 теңгенің 10%).

5. **Алгоритм құрыңыз.** «Egov.kz немесе e-Salyq Azamat арқылы салық декларациясын қалай тапсыру керек» қысқаша чек-парақ дайындаңыз.

Топта талқылаңыз: Неліктен салық төлеу маңызды? Егер оны төлемесе, қандай салдары болуы мүмкін?

«Зейнетақы деген не?» ойын симуляциясы

Формат: үстел үсті немесе командалық рөлдік ойын.

Қажетті материалдар: карточкалардағы жазулар: табыс, шығын, зейнетақы қорына жарна, ақпарат, сюрприз. Монеталар немесе фишкалар. 20 ұяшықтан тұратын жол, кубикпен ойнайды.

1. Ойын барысы:

Білім алушылар 3-5 адамнан тұратын командаларға бөлінеді. Жалпы 4-5 топ құрылады.

2. Ойын алаңы:

20 ұяшықтан тұратын жол (суреттеуге немесе карточкаларға орналастыруға болады).

Жол: «Бірінші жалақыдан» «Зейнетақыға» дейін.

3. Командалар кубик лақтырып, жол бойымен жылжиды.

4. Ұяшықтар түрлері:

- «Табыс» карточкасы – команда «жалақы» фишкасын алады.
- «Зейнетақы қорына жарна» карточкасы – команда табыстың бір бөлігін арнайы қазынаға қояды.
- «Шығын» карточкасы – команда табыстың бір бөлігін жоғалтады (ауру, жөндеу және т.б.).
- «Ақпарат» карточкасы – зейнетақыға қатысты сұраққа жауап беру керек (мысалы: Зейнетақы жас деген не?). Дұрыс жауапқа – бонус.
- «Тосынсый» карточкасы – сыйлық немесе айыппұл болуы мүмкін.

5. Финал:

20-ұяшықта зейнетақы жасына жетеді. Ең көп жинақ сомасы бар команда жеңеді.

Талқылау сұрақтары:

1. Зейнетақы деген не?
2. Зейнетақы жарналары неден тәуелді?
3. Қазақстанда зейнетақы жасына қашан жетеді?

«Лайықты зейнетке жол» ойындық симуляциясы

Ұсынылатын материалдар: Ойын алаңы (өмір жолы: 20 жастан 60 жасқа дейін).

Карточкалар: жұмыс, табыс, шығындар, өмірлік жағдайлар. Ойыншылардың фишкалары. Зейнетақы жарналарының маркерлері. Келешектегі зейнетақыны есептеу кестесі.

Сынып 3-5 адамнан тұратын командаларға бөлінеді (барлығы 4-5 топ). Әр команда жасын көрсететін фишка мен сәйкес карточканы таңдайды. Фишканы алғаннан кейін командалар ойын алаңында қозғала бастайды. (Әр кезеңге 3 минут).

1. Әр команда ойынға 20 жастан бастап минималды жалақыдан бастайды. (5 минутта)
2. Ойыншылар кезекпен жүріс жасайды, әр жүріс өмірдің 2 жылын көрсетеді. (1 минут)
3. Әр кезеңде қатысушылар:

- кәсіп таңдайды және сәйкес табыс алады;
- командалық шешім қабылдайды: барлық табысты жұмсау немесе бір бөлігін жинаққа салу;
- «өмірлік жағдайларға» тап болуы мүмкін (ауру, көшу, көтерме, жұмыссыздық);
- жинақтаушы зейнетақы жүйесіне (БЖЗҚ, депозиттер және т.б.) қатысуды шешеді.

Карточка мысалдары:

- «Кәсіби біліктілікті арттыру» – табыс 20%-ға артады.
- «Кредитке машина сатып алу» – шығындар 30%-ға өседі.
- «БЖЗҚ-ға тұрақты жарналар» – зейнетақыға бонус қосылады.
- «Ресми жұмыссыз еңбек ету» – сол жылдың зейнетақысы есептелмейді.

Командалар 60 жасқа жеткенде, жинақталған бонустарды ескере отырып зейнетақы мөлшерін есептейді (5-7 минут). Зейнетақыны есептеу кестесін жасауға болады.

Талқылау сұрақтары:

1. Табыс, әдеттер және қаржылық шешімдер зейнетақы болашағына қалай әсер етеді?
2. Зейнетақы мөлшері неден тәуелді және тұрақты жарналар неге маңызды?
3. Зейнетақы жарналары кезінде бонус жүйесі нені білдіреді және қалай жұмыс істейді?

«Зейнетақы жарналары» кейс-жағдаяты

Жағдаят: Әлия 16 жаста және ол жазғы демалыста қосымша жұмыс істегісі келеді. Оның ағасы бухгалтер және ол мынаны түсіндірді: ресми түрде жұмыс істей бастағанда оның жалақысынан зейнетақы жарналары ұсталады. Әлия таң қалды:

- «Неге мен зейнетақы жарнасын төлеуім керек, мен үшін әлі ерте емес пе?»

Ағасы бұл ақша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) салынатынын және болашақта зейнетке шыққан кезде оған пайдалы болатынын түсіндірді. Ол Әлияға зейнетақы жүйесі қалай жұмыс істейтінін алдын ала біліп алуды ұсынды.

Тапсырма:

- Зейнетақы жарналары дегеніміз не және олар не үшін қажет екенін түсіндір.
- БЖЗҚ-ға жалақының қанша пайызы аударылатынын анықта.
- Неліктен адамның жас кезінде зейнетақы жарналарын аудару маңызды.
- Әлия 18 жасында ресми түрде жұмыс істей бастады. Егер оның ай сайынғы жалақысы 117 300 теңге болса, оның 10 жылда қанша қаражат жинай алатынын көрсететін кестені толтыр.

№	Жұмыс кезеңі (жылдар)	Айлық орташа табыс (теңге)	Ай сайынғы зейнетақы аударымдары (10%)	Айлар саны	Аударымдардың жалпы сомасы	Болжамды айлық зейнетақы

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Қазақстанның 1998 жылдан бастап енгізілген зейнетақы жүйесі қалай жұмыс істейді?

2. Әлия зейнетақы аударымдары түрінде жалақының қанша пайызын аударды?

3. Әлия қазіргі заңнамаға сәйкес қай жаста зейнетке шыға алады?

Бұл ойын және практикалық тапсырмаларды білім алушылардың деңгейіне байланысты мазмұны мен форматы біртіндеп күрделене отырып, кезең-кезеңімен қолдану ұсынылады. Бұл тәсіл сабақтастықты қамтамасыз етеді және білім алушылардың саналы қаржылық іс-әрекетін, аналитикалық ойлауын және өздерінің қаржылық шешімдері үшін жауапкершілігін кезең-кезеңімен қалыптастыруға ықпал етеді.

3. 10-11 сынып білім алушыларының қаржылық сауаттылық дағдыларын дамыту бойынша оқу-дидактикалық материалдар

Халықтың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында баса айтылған басым міндеттердің бірі болып табылады. Осыған байланысты қаржылық сауаттылық пен жеке қаржыны басқару дағдыларын дамытуға ықпал ететін «Қарызсыз қоғам» жобасы іске қосылды. Осы жоба аясында «Жеке қаржыны диагностикалау», «Пайыздық мөлшерлеме», «Депозиттер туралы», «Салық шегерімдері», «Қаржылық киберқауіпсіздік және теріс пиғылды адамдардан қорғану тәсілдері», «Бизнес-жоспар дегеніміз не?» және т.б. қаржылық сауаттылық бойынша тегін сабақтар ұсынылды, бұл материалдарды сабақтарда пайдалануға болады. Материалдарды <https://qogamfin.kz/ru> порталынан алуға болады.

«Жеті құмыра әдісі»

Сіздің отбасылық табысыңыз 7 құмыраны толтыратын бұлақ деп ойлаңыз. Әрбір құмыра өмірдің белгілі бір саласына жауап береді. Отбасы үйлесімді өмір сүруі үшін бірде-бір құмыра бос қалмауы керек!

1-тапсырма «Құмыраларды толтырыңыз»: Жеті құмыраның суретін салыңыз немесе дайын суреттерді пайдаланыңыз. Оларды әр түрлі түстермен бояңыз.

Отбасы 500 000 теңге алды. Табысты құмыраларға бөліңіз (сурет ішіне соманы жазып, құмыраларға ат қойыңыз).

Көмек:

- 55% - қажетті шығыстар
- 10% - қаржылық еркіндік
- 10% - ұзақ мерзімді сатып алу
- 10% - білім алу
- 10% - ойын-сауық
- 5% - қайырымдылық



2-тапсырма «Отбасылық әңгіме»: Отбасы әрбір құмырадағы ақшаны қалай пайдаланатыны туралы шағын әңгіме құраңыз.

Мысалы:

«Білім алу» құмырасындағы ақшаға – әпке ағылшын тілін үйрену курсына барады.

«Көңіл көтеру» құмырасындағы ақшаға – отбасы демалыс күндері көкке шығады.

«Қайырымдылық» құмырасындағы ақшаға – қарттар үйіндегі ата-әжелерге сыйлықтар сатып алады.

3-тапсырма «Болашақтағы құмыралар»: Ойлаңыз, бір жылдан кейін отбасының табысы 20%-ға өсті.

Отбасының жаңа табысын есептеңіз.

Ақшаны құмыраларға қайта бөліңіз.

Салыстырыңыз: қай құмырада «көп жиналды», ақша қалай өзгерді.

Табыстың өсуіне байланысты қандай жаңа мақсаттар мен армандарды іске асыруға болады, ойлаңыз.

Талқылау сұрақтары:

- Қай құмыра оңай толды?


- Қайсысы қиын болды?

- Егер бір құмыра бос қалса, отбасының өмірі қалай өзгереді?

Алты қалпақ әдісі: «Инвестициялар әр түрлі қырынан»

Сынып алты (немесе одан да көп) адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Әрбір қатысушы «ойлау қалпақтарының» бірін таңдап, таңдалған қалпақтың рөліне сәйкес инвестиция туралы өз пікірін тұжырымдайды.

Топтық жұмыс аяқталған соң әр топтан бір қатысушы сыныпқа шығады және алты қалпақтың қасиеттеріне негізделген инвестициялар туралы өз түсініктерін және қорытындыларын айтып береді.



Ақпарат (ақ қалпақ): Инвестициялар – бұл активтерге (акциялар, облигациялар, банк депозиттері, жылжымайтын мүлік, стартап) қаражат салу арқылы оларды көбейтуге бағытталған іс-шара. Инвесторлар сандарға, аналитикаға және тексерілген деректерге сүйенеді.

Талдау сұрақтары:

- Қандай инвестиция түрлері бар?

- Инвестор үшін қандай деректер мен көрсеткіштер маңызды?

- **Позитив (сары қалпақ):** Инвестициялар капиталды көбейтуге, ақшаны инфляциядан қорғауға және пассивтік кіріс алуға мүмкіндік береді.

Талдау сұрақтары:

- Инвестициялардың адамдарға қандай пайдасы бар?
- Ұзақ мерзімді инвестициялар қандай мүмкіндіктер береді?

Сынау (қара қалпақ): Инвестициялар әрдайым тәуекелмен байланысты: нарық құлдырауы, компаниялардың банкрот болуы, инфляция, тұрақсыздық. Кепілді пайда жоқ.

Талдау сұрақтары:

- Біздің елде қандай ықтимал тәуекелдер бар?
- Оларды қалай азайтуға болады?

Шығармашылық (жасыл қалпақ): Инвестицияларды бақша өсіру сияқты елестетуге болады: уақыт, стратегия және төзімділік қажет.

Талдау сұрақтары:

- 10 жылдан кейін қандай инновациялық идеялар пайда болуы мүмкін?

Эмоция (қызыл қалпақ): Инвестициялар шабыт, құмарлық, үміт туғызады, бірақ сонымен бірге қорқыныш пен уайым да тудырады. Эмоция шешім қабылдауға әсер етеді, кейде логикадан асып кетеді.

Талдау сұрақтары:

- Инвесторға қандай эмоциялар көмектеседі?
- Қандай эмоциялар кедергі жасап, қателіктерге әкеледі?

Басқару (көк қалпақ): Инвестицияларды жеке тұлғалар да, ұйымдар да басқара алады, соның ішінде – банктер, компаниялар және мемлекеттік құрылымдар.

Талдау сұрақтары:

- 1-5 жылға арналған инвестициялық жоспарды қалай құруға болады?
- Нәтижелерді кім бақылауы керек?

**«Мақсатқа жету жарысы: 5 жылда қалай жинауға болады»
іскерлік ойыны**

Жағдаят: Қазір 2020 жылдың басы деп есепте. Сенің мақсатың – 2025 жылдың басына дейін алғашқы жарнаға 5 000 000 теңге жинау.

Бастапқы деректер:

старттық капитал – 500 000 теңге;

ай сайынғы салым – 50 000 теңге;

құрал – жылдық мөлшерлемесі 12% және жылдық капиталдандыруы бар теңгедегі депозит.

Тапсырма:

1) Берілген деректерді пайдаланып 2025 жылдың басына қарай қанша сома жинай алатыныңды есепте (*Күрделі пайыз формуласы қолданылады*).

2) Сұрақтарға жауап бер:

- Командаң 5 000 000 теңге жинау мақсатына жетті ме?
- Алынған жиынтық капитал қанша болды?
- Таңдалған стратегия қандай тәуекелдерге тап болуы мүмкін?

Қорытынды талқылау:

- Таңдалған стратегия тиімді немесе сенімді болды ма?
- Жинақтау тиімділігін қалай арттыруға болады?
- Неліктен инвестицияларды әртараптандыру – қаражатты әртүрлі қаржылық құралдарға бөлу маңызды?

Жауабы:

Сіздің жалғыз құралыңыз – жылдық мөлшерлемесі 12% және жылдық капиталдандыруы бар теңгедегі депозит.

Тапсырма:

1. Тарихи деректерді пайдалана отырып, Сізде 2025 жылдың басында қанша ақша болатынын есептеңіз.

Күрделі пайыз формуласын қолданыңыз.

2020 жыл:

$$(500\,000 + 50\,000 * 12 \text{ ай}) * (1+12\%) = 1\,100\,000 * 12\% = 1\,232\,000 \text{ тг}$$

2021 жыл:

$$(1\,232\,000 + 50\,000 * 12 \text{ ай}) * (1+12\%) = 1\,832\,000 * (1+12\%) = 2\,051\,840 \text{ тг}$$

2022 жыл:

$$(2\,051\,840 + 50\,000 * 12 \text{ ай}) * (1+12\%) = 2\,651\,840 * (1+12\%) = 2\,970\,060 \text{ тг}$$

2023 жыл:

$$(2\,970\,060 + 50\,000 * 12 \text{ ай}) * (1+12\%) = 3\,570\,060 * (1+12\%) = 3\,998\,467 \text{ тг}$$

2024 жыл:

$$(3\,998\,467 + 50\,000 * 12 \text{ ай}) * (1+12\%) = 4\,598\,467 * (1+12\%) = 5\,150\,283 \text{ тг}$$

2. Сұрақтарға жауап беріңіз:

- 5 000 000 теңге мақсатқа қол жеткізілді ме? Иә, сәтті болды.
- Сіз қандай қорытынды капитал алдыңыз? – 5 150 283 теңге.
- Сіздің стратегияңыз қандай тәуекелдерге тап болды? – инфляциялық тәуекелдер, банктік тәуекелдер (банктің лицензиядан айырылуы, оның уақытша төлем қабілетсіздігі).

«Ұлттық қаржы жүйесіне шолу»

Сынып ситуациялық тапсырмаларды орындау үшін 4 топқа бөлінеді: «Екінші деңгейдегі банктер», «Микроқаржы ұйымдары», «Сақтандыру ұйымдары» және «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО)».

«Екінші деңгейдегі банктер» тобы

Жағдаят: А азаматы **400 мың теңге** сомасына кепілсіз тұтынушылық кредит алмақшы.

Тапсырма:

1. Қазақстанның екінші деңгейдегі банктері ұсынатын банк қызметтерін атаңыз.

2. Ашық көздерді пайдаланыңыз (мысалы, банктердің ресми сайттары және т.б.) және әртүрлі банктердегі **кредит шарттарын салыстырыңыз** – пайыздық мөлшерлемелер, мерзімдер, қарыз алушыға қойылатын талаптар.

3. А деген азаматтың ай сайынғы табысы **270 мың теңгені** құрайтынын ескере отырып, оған көмектесетін іс-қимыл нұсқаларын ұсыныңыз: кредитті **уақтылы** төлеу және берешекті **мерзімінен бұрын** өтеу. (<https://finance.kz/kredity/calculator> сайтында қаржылық калькуляторды пайдаланыңыз)

«Микроқаржы ұйымдары» тобы

Жағдаят: В деген азамат микроқаржы ұйымынан **450 мың теңге** қарыз алуды жоспарлап отыр.

Тапсырма:

1. Ашық көздерден әртүрлі микроқаржы ұйымдарының **қарыз беру шарттарын** табыңыз (пайыздық мөлшерлеме, мерзім, қосымша комиссиялар).
2. Қарызды уақтылы өтемеген жағдайда **күнделікті өсімпұлдың мөлшерін** анықтаңыз.
3. Қорытынды жасаңыз: микроқаржы ұйымдарының қызметтерін банктік кредиттермен салыстырыңыз.

«Сақтандыру ұйымдары» тобы

Жағдаят: Д деген азамат автокөлікті сақтандыруды жоспарлап отыр.

Тапсырма:

1. Бірнеше **сақтандыру компанияларын** таңдап, сақтандырудың негізгі шарттарын көрсетіңіз (полис құны, жарамдылық мерзімі және т.б.).
2. **Сақтандыру процесін** сипаттаңыз – қол жетімді рәсімдеу әдістері (онлайн, офлайн және т. б.).
3. Д деген азамат сақтандыру жағдайы туындаған жағдайда **қандай сақтандыру төлемдерін** ала алатынын талдаңыз.
4. Д деген азаматқа пайдалы болуы мүмкін қосымша сақтандыру түрлерін ұсыныңыз (мысалы, денсаулық, мүлік, өмірді сақтандыру).

«Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО)» тобы

Жағдаят: Шетелдік инвестор АХҚО алаңында **инвестициялық жобаны** іске қосуды жоспарлап отыр.

Тапсырма:

1. АХҚО **қандай қаржылық өнімдер мен қызметтерді** ұсынатынын сипаттаңыз.
2. АХҚО қызметін **қандай нормативтік-құқықтық актілер** реттейтінін нақтылаңыз.
3. АХҚО-ның халықаралық деңгейде **артықшылықтары мен ерекшеліктерін** атаңыз.

«Дербес кредиттік рейтинг» практикалық тапсырмасы

Жағдаят:

Өзіңізді кредиттік менеджермін деп ойлаңыз. Сізге ай сайынғы табысы **350 мың теңге** болатын **қызметкер** жүгінді. Оның міндетті шығыстары

(коммуналдық қызметтер, тамақ, жол ақысы) – **150 мың теңге**. Ол қазірдің өзінде ай сайынғы төлемі **50 мың теңге** болатын бір кредит төлеп отыр.

Тапсырмаларды орындаңыз:

1. Жаңа кредит алғанға дейін қарыз жүктемесі коэффициентін (ҚЖК) есептеңіз. $ҚЖК = (\text{Барлық кредиттер бойынша ай сайынғы төлемдер сомасы} / \text{Ай сайынғы табыс}) \times 100\%$.

2. Қызметкер тұрмыстық техника сатып алу үшін ай сайынғы төлемі **60 мың теңге** болатын жаңа кредит алуды жоспарлап отыр. Оның жаңа кредит алғаннан кейінгі ҚЖК-сін есептеңіз.

3. Қорытынды жасаңыз: сіз оған жаңа кредит берер ме едіңіз? Шешіміңізді негіздеңіз.

(Ескерту: Қазақстанда ҚЖК 50%-дан аспауы тиіс).

Жауабы:

1) жаңа кредитке дейінгі қарыз жүктемесінің көрсеткіші (ҚЖК) = $(50\,000 / 350\,000) \times 100\% = 14,28\%$

2) жаңа кредитті ескере отырып, қарыз жүктемесінің көрсеткіші (ҚЖК) = $(50\,000 + 60\,000) / 350\,000 \times 100\% = 31,43\%$

3) жаңа кредитті қоса алғанда, қарыз жүктемесі 31,43%, яғни 50%-дан аз болғандықтан, қызметкер ай сайынғы төлемі 60 000 теңге болатын жаңа кредит ала алады.

«Таңдау бағасы: Бөліп төлеу, Кредит немесе Қолма-қол ақша?»

Электроника дүкенінде смартфон сатылып жатыр. Төлем тәсіліне байланысты оның бағасы өзгереді.

1-нұсқа (Бөліп төлеу): Бағасы – 400 000 теңге. Дүкен «0-0-12» үлгісіндегі бөліп төлеуді ұсынады (бастапқы жарнасыз, артық төлемсіз, 12 айға).

2-нұсқа (Қолма-қол ақша): Бүкіл соманы бірден қолма-қол ақшамен немесе картамен төлеген кезде дүкен 10% жеңілдік жасайды. Бағасы – 360 000 теңге болады.

3-нұсқа (Кредит): Сізде толық сома жоқ, бірақ сіз банктен жылдық 25%-бен 12 ай мерзімге 360 000 теңге сомасына (жеңілдік баға) тұтынушылық кредит ала аласыз.

Топтық тапсырма:

1. Үш нұсқаның әрқайсысына ай сайынғы төлемді есептеңіз.

2. Әр нұсқа бойынша смартфонның жалпы құнын (барлығы қанша ақша төлейтініңізді) анықтаңыз. Кредит үшін онлайн-калькуляторды пайдаланыңыз (<https://finance.kz/kredity/calculator>).

3. Салыстыру үшін кестені толтырыңыз.

Көрсеткіш	1-нұсқа (Бөліп төлеу)	2-нұсқа (Қолма-қол ақша)	3-нұсқа (Кредит)
Тауардың бағасы	400 000 теңге	360 000 теңге	360 000 теңге
Ай сайынғы төлем			

Төлемдердің жалпы сомасы		360 000 теңге	
Артық төлем			

Талқылау сұрақтары:

- Нәтижесінде қай нұсқа ең тиімді, ал қайсысы – ең қымбат болды?
- «0%» бөліп төлеу шын мәнінде неге тегін емес?

(Көмек ретінде: тауардың бөліп төлеудегі бағасы мен қолма-қол бағасын салыстырыңыз).

Жауабы:

Көрсеткіш	1-нұсқа (Бөліп төлеу)	2-нұсқа (Қолма-қол ақша)	3-нұсқа (Кредит)
Тауардың бағасы	400 000 теңге	360 000 теңге	360 000 теңге
Ай сайынғы төлем	33 333 теңге	0 теңге	34 215 теңге аннуитет есебі бойынша 37 500 теңге сараланған есеп бойынша
Төлемдердің жалпы сомасы	400 000 теңге	360 000 теңге	410 580 теңге аннуитет есебі бойынша 408 750 теңге сараланған есеп бойынша
Артық төлем	40 000 теңге	0 теңге	50 580 теңге/ 48750 теңге

• Егер тұтынушыда мүмкіндік болса, ең тиімді нұсқа – қолма-қол ақшамен төлем жасау болады. Бұл жағдайда инфляция деңгейін де ескеру қажет. Инфляция деңгейіне байланысты төлемді бөліп төлеумен салыстырғанда құн айырмашылығын ескерген жөн.

- Ең қымбат нұсқа – кредит, артық төлем 50 580 не 48 750 теңгені құрайды.
- «0%» бөліп төлеу әрқашан тегін бола бермейді, тауардың негізгі бағасына қосымша жасырын сома қосылады. Бұл жағдайда – 40 000 теңге.

Талдамалық тапсырма: «Қаржы пирамидалары»

Жағдаят: Қаржы пирамидалары Қазақстандағы алаяқтықтың ең қауіпті түрлерінің бірі болып қала береді. 2024 жылы осындай ондаған схемалар анықталды, олардан жүздеген азаматтар зардап шекті.

1) Қаржы пирамидалары туралы басылымдарды зерттеңіз.

2) Талдаңыз:

- Неліктен адамдар осы ұйымға сенді?

- Қатысушылардың қайсысы (ұйымдастырушылар, дропперлер, салымшылар) жауапты болады және не үшін?

3) Практикалық бөлім:

Шағын-сұхбат – дайындаңыз: зардап шеккен адамға немесе қаржы пирамидасын ұйымдастырушыларға қоятын 5-7 сұрақ дайындаңыз.

Пирамиданың қатысушыларын сипаттаңыз: олар кімдер, схемада қандай рөл атқарды, қандай жауапкершілікке тартылады, олардың әрекеттері қандай алаяқтық белгілеріне сәйкес келеді және салымшылар үшін қандай салдарларға әкелуі мүмкін.

Қорытынды жасаңыз:

- Бұл жағдайда қандай қаржы пирамидасының белгілері анық көрінеді?
- Теріс пиғылды адамдардың құрбаны болмас үшін нені үйренуге болады?
- Алаяқтардың тұзағына алданып қалмас үшін нені үйренуге болады?

Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің интернет ресурсында қаржы пирамидасы схемасының белгілері бар жобалардың тізімі жарияланған.

(<https://www.gov.kz/memleket/entities/afm/press/article/details/123696?lang=kk>)

Тапсырма: «Зейнетақыны болжаймыз: болашақ сценарийі»

БЖЗҚ сайтындағы ресми болжамды зейнетақы калькуляторын (<https://cabinet.enpf.kz/deal>) пайдаланып, екі қызметкер үшін зейнетақы мөлшерін есептеңіз.

1-нұсқаулық: Топтарға бөлініңіз. Әр топ екі кейіпкермен жұмыс істейді.

1-кейіпкер (Жас қызметкер): Азамат А, 25 жаста. Қазіргі жалақысы – 300 000 теңге. БЖЗҚ-дағы жинақтары – 150 000 теңге.

2-кейіпкер (Тәжірибелі қызметкер): Азамат В, 45 жаста. Қазіргі жалақысы – 450 000 теңге. БЖЗҚ-дағы жинақтары – 7 000 000 теңге.

2. Екі кейіпкер үшін де жыл сайынғы жалақы өсімі – 5% деп белгілеңіз.

3. Болашақта жас және тәжірибелі қызметкерлердің болжамды зейнетақысы қандай болатынын анықтаңыз.

«Зейнет жасы және төлемдер» кейс-жағдаяты

Жағдаят: А. Алпысбаев 62 жаста. Ол өмір бойы әртүрлі кәсіпорындарда жұмыс істеді және 25 жыл ресми түрде еңбек етті. Оның жалақысынан ай сайын міндетті зейнетақы жарналары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) ұсталды. Соңғы 5 жылда ол ай сайын 5 000 теңгеден ерікті жарналар жасаған.

Қазір ол зейнетке шығуды жоспарлап отыр және қандай төлемдер алуға құқығы бар екенін білгісі келеді. Оның досы барлық жинақталған соманы бірден алып, бизнеске салуды ұсынады, ал әйелі ай сайын зейнетақы төлемдерін алуға кеңес береді.

Тапсырма:

1) Анықтаңыз: А. Алпысбаев зейнетақы төлемдерін алуға құқылы ма? Қандай зейнетақы төлемдері оған тиесілі?

2) Талдаңыз: шешім қабылдау кезінде қандай факторларды ескеру керек: барлық соманы бірден алыңыз немесе ай сайын алыңыз?

3) Талқылаңыз: Қаржылық тұрақтылық тұрғысынан қай нұсқа қауіпсіз болады? Егер А. Алпысбаев қаражатын бизнеске салса, қандай қауіптер туындауы мүмкін?

4) А. Алпысбаевқа ең жақсы нұсқаны ұсынып, өз шешіміңізді дәлелдей отырып, қаржылық кеңес дайындаңыз.

Талқылауға арналған сұрақтар:

- А. Алпысбаев қанша жаста зейнетке шығады?
- Азамат үшін қандай қауіптер бар?
- А. Алпысбаевтың жалақысынан ай сайын қандай пайыз зейнетақы жарналары ұсталды?

Практикалық тапсырма: «Стартаптарды талдау»

Сынып төрт командаға бөлінеді. Әрбір команда стартаптар тізімі бар дереккөзді алады және ұсынылған критерийлер бойынша таңдалған жобаны талдайды.

Тапсырма: Стартаптардың ең жақсы идеяларын мынадай параметрлер бойынша талдаңыз және ең перспективалы жобаны таңдаңыз. Таңдауыңызды негіздеңіз.

Талдауға арналған сұрақтар:

- Стартап идеясының **бірегейлігі** неде?
- **Ұқсас жобалар** бар ма және неге дәл осы ұсынысты үздік деп санауға болады?
- Жобаны жүзеге асыру үшін қажет **инвестиция көлемі** қандай?
- Идеяны іске асыруға қанша адам қажет және **олардың біліктілігі қандай?**
- Стартап қандай **қаржыландыру** көздерімен жұмыс істейді?

Топтарға арналған ақпарат көздері:

1-топ: 2025 жылы қадағалап отыруға тұрарлық Ресейдің үздік 25 стартапы

2-топ: Қазақстандағы ең танымал 15 стартап

3-топ: Қытайдағы үздік 15 стартап

4-топ: Еуропаның 100 инновациялық стартапы | RB.RU



«Идеялар жәрменкесі» практикалық тапсырмасы

Топтар өз стартаптарын ойлап тауып, жалпы дауыс беру арқылы оны сатып алуды ұсынады. Көп дауыс жинаған идея мен презентация жеңімпаз атанады.

Міндет: білім беру саласына арналған стартап идеясын ойлап тауып, оны қарапайым шаблон бойынша сипаттау.

Шаблон:

1. Жобаның атауы: _____
2. Біз шешетін мәселе (кім үшін?): (Мысалы: оқулықтардан қаржы жайлы оқуды қызықсыз деп санайтын 10-12 жастағы оқушылар үшін).
3. Біздің шешіміміз (біз не ұсынамыз?): (Мысалы: қалтадағы ақшаны басқаратын және мақсаттарға жететін мобильді ойын-симулятор).
4. Біз қалай ақша табамыз? (Мысал: базалық нұсқа тегін, ал қосымша деңгейлер мен мүмкіндіктер – 500 теңге).
5. Стартап үшін бізге не қажет (ең бастысы)? (Мысалы: ойынның прототипін жасау үшін программист және TikTok-та жарнамаға 200 000 теңге).

Презентацияның қысқаша жоспары: Әр топ өз идеясын ұсынады және бұл жоба мәселені ең тиімді шешетінін дәлелдейді.

«Сенім бағасы: қаржылық алаяқтық жағдайларын талдау»

Сынып бірнеше топқа бөлінеді. Әр топ берілген жағдайды талдап, негізгі мәселелерді анықтайды, сұрақтарға жауап береді және ортақ шешім әзірлейді. Топ ішінде ой алмасқаннан кейін әр топ өкілі өз қорытындысын басқа топтармен бөліседі, пікірлерді салыстырады және жалпы ұсынымдарды қалыптастырады.

1-топ: «Жалған ұтыс»

Г есімді ер адам Instagram-да жаңа смартфон ұтып алғаны туралы хабарлама алады. Жіберуші сыйлықты жеткізу үшін 20 000 теңге жіберу қажет екенін айтады. Г есімді ер адам ақшаны аударады, бірақ сыйлықты алмайды, ал жіберушінің аккаунты өшіріліп, хабарламаларға жауап бермейді.

Сұрақтар:

- 1) Бұл жағдай онлайн-алаяқтықтың қай түріне жатады?
- 2) Ер адамның қатесі неде?
- 3) Алаяқ қандай заң бұзушылық жасады?
- 4) Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін қандай ақпараттық қауіпсіздік қағидаларын сақтау қажет?

2-топ: «Жылдам баю мүмкіндігі ме, әлде алаяқтық па?»

А есімді жас маман әлеуметтік желіден табысы жоғары және тәуекелі төмен инвестициялық жобаның жарнамасын көреді. Қатысу үшін 200 000 теңге салу және жаңа қатысушыларды шақыру талап етіледі. Біраз уақыттан кейін жоба аяқ астынан жабылады, ал қатысушылар ақшасын жоғалтады.

Сұрақтар:

- 1) Бұл жағдай алаяқтықтың қандай түріне жатады?
- 2) Қыздың қатесі неде?
- 3) Алаяқтар қандай заң бұзды?
- 4) Қыз бен оның достары қандай әрекет жасауы тиіс?
- 5) Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін қандай ақпараттық қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет?

3-топ: «Қызметтік қате ме, әлде әдейі жасалған әрекет пе?»

Басшы Д есімді жас маманнан келісімшарттағы соманы жоғары етіп өзгертуді сұрайды, кейін «бәрін реттеп қоятынын» уәде етеді. Жас маман келіседі, бірақ құжатты қолдан жасау фактісі көп ұзамай анықталады.

Сұрақтар:

- 1) Жас маманның қандай әрекеттері заң тұрғысынан бағаланады?
- 2) Қызметтік құжаттарды қолдан жасаудың қандай салдары болуы мүмкін?
- 3) Ол бастықтың тапсырмасынан бас тартуы тиіс пе еді? Неліктен?
- 4) Оның орнында сіз не істер едіңіз?
- 5) Мұндай жағдайлар мекеменің беделіне және ұжым ішіндегі атмосфераға қалай әсер етеді?

4-топ: «Сілтемеге сеніп, оны басудың салдары»

М есімді студент-қыз Instagram-да таныс аккаунттан сілтеме мен жазуы бар хабарлама алады: «Қарашы, сен суреттесің!». Сілтемеге өтіп, логин мен парольді енгізгеннен кейін оның аккаунты бұзылады, ал алаяқтар оның атынан ақша сұрап хабарламалар жібере бастайды.

Сұрақтар:

- 1) Бұл жағдай алаяқтықтың қандай түріне жатады?
- 2) Қыздың қатесі неде болды?
- 3) Алаяқ қандай заң бұзушылық жасады?
- 4) Қыз бен оның достары қандай әрекеттер жасауы қажет?
- 5) Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін қандай ақпараттық қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?

5-топ: «Бейтаныс нөмірден келген қоңырау»

Азаматқа бейтаныс нөмірден қоңырау түседі. Өзін «Қазпошта» АҚ-тың қызметкерімін деп таныстырып, келіп түскен пошта жөнелтілімі туралы хабарлады. Деректерді растау үшін 1414 сервис нөмірі арқылы тексеру қажет екенін жеткізеді. Азаматқа SMS-хабарламадан код келеді, алаяқтар оны дауыстап айтуын сұрайды. Кейін оған өзін құқық қорғау органдары мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қызметкерлері ретінде таныстырған адамдар хабарласып, ақшаны «қауіпсіз шотқа» аударуға сендіреді. Үрейдің әсерінен азамат онлайн-кредит рәсімдеп, алынған ақшаны алаяқтар көрсеткен шотқа аударады.

Сұрақтар:

- 1) Бұл жағдай онлайн-алаяқтықтың қандай түріне жатады?

- 2) Азаматтың қатесі неде болды?
- 3) Алаяқтар қандай заң бұзды?
- 4) Азамат қандай әрекеттер жасауы тиіс?

«Проблемалық жағдаяттарды шешу»

1-топ: Жағдаятты талдау:

Азаматша әлеуметтік желіден «оңай ақша табу» туралы жарнаманы көреді. Компания салынған 100 000 теңгеден ай сайынғы 25% кіріс уәде етеді. Ол компанияға қосылып, бірнеше танысын да тартады. Бірнеше айдан кейін компания жабылады, ал ұйымдастырушылармен байланыс үзіледі.

Тапсырма:

- Бұл қандай схема?
- Азаматша қандай қателіктер жіберді?
- Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін қандай әрекеттер жасау керек еді?

2-топ: «Өтірік пе, шындық па?»

Төмендегі тұжырымдарды оқыңыз. Олардың қаржылық пирамида ма, әлде нақты инвестиция ма екенін анықтап, өз таңдауыңызды түсіндіріңіз.

- «100% қауіпсіздік пен табысқа кепілдік береміз!» (қаржылық пирамида)
- «Егер сіз 5 адам шақырсаңыз, сіздің салымыңыз көбейеді» (қаржылық пирамида)
- «Қаржы нарығындағы өзгерістерге байланысты табыс өзгеруі мүмкін» (инвестиция)
- «Жоба тіркелген, бірақ толық ақпаратты кейін береміз» (қаржылық пирамида)

3-топ: Жағдаятты талдау

Әуежайдың күту залында сізге туристік компания қызметкері екенін айтқан жағымды бір адам (жігіт немесе қыз) жақындайды. Ол отбасылық демалысқа арналған халықаралық қонақүйлер желісі және тиімді бағалар туралы әңгімелейді. Сіз күмәнданасыз, бірақ кейін хабарласу үшін байланыс деректеріңізді қалдырасыз. Бір аптадан соң сіз «байқау жеңімпазы» атандыңыз деп хабарлайды, сыйлық – саяхат (немесе автомобиль, тұрмыстық техника). «Сертификат» табыстағаннан кейін компания өкілдері «қатысуды растау және бонус жинау үшін» депозитке белгілі бір сома салуды сұрайды.

Тапсырма:

- Бұл қандай алаяқтық схема түрі?
- Сіз қандай қате жібердіңіз?
- Ақпараттың шынайылығын өз бетіңізше қалай тексеруге болады?

4-топ: «Өтірік пе, шындық па?»

Әріптесіңіз сізге «эксклюзивті саяхатшылар клубына» ұзақ мерзімді мүшелікті рәсімдеуді ұсынады. Бұл клуб бүкіл әлем бойынша круиздер мен түрлі

жеңілдіктер беретінін айтады. Қатысу үшін жарна төлеу және жаңа қатысушыларды шақыру қажет. Құрылымдағы адамдар саны неғұрлым көп болса, сіздің «табысыңыз» да соғұрлым жоғары болады.

Тапсырма:

- Бұл қаржылық пирамида ма?
- Ұсынылатын өнімді жалған деп санауға бола ма? Неліктен?
- Уәде етілген «тегін саяхаттар және т.б.» шынайы ма, әлде миф пе?
- Неліктен қаржылық пирамидалар өкілдері күрделі шарттар қойып, уәде етілген жеңілдіктерді және бонустарды пайдалана алмайтындай жасайды?
- Өзіңізді қорғау үшін қандай сақтық шараларын сақтау қажет?

Интернет желісіндегі қауіпсіздік бойынша ұсыныстар:

- Ешқашан күдікті немесе белгісіз сайттарға жеке деректерді енгізбеңіз.
- Бейтаныс адамдар жіберген күмәнді сілтемелерге өтпеңіз.
- Бейтаныс нөмірлерден келген файлдар мен сілтемелерді ашпаңыз. Әдетте алаяқтар «Бұл суреттегі сен бе?» деген хабарларды қосымша файлдармен және т.б. жібереді. Мұндай файлдарды ашу телефонға зиянды бағдарлама кіргізуі мүмкін.
- Үшінші тұлғаларға парольдерді, SMS-кодтарды және бір реттік кодтарды бермеңіз.
- Банкомат пайдаланғанда оның сыртында бөгде құрылғылардың (чиптер, жапсырмалар) бар-жоғын тексеріңіз.
- Браузерді және антивирус бағдарламасын үнемі жаңартып отырыңыз.
- Қаржы операциялары үшін қоғамдық Wi-Fi желілерін қолданудан аулақ болыңыз.
- Жеке деректердің таралуын және күмәнді сайттарды немесе сілтемелерді анықтау үшін eGov Mobile қосымшасындағы Nomad Guard сервисін қолданыңыз. Сервисті пайдалану тәртібі: eGov Mobile мобильді қосымшасына кіріңіз (авторизация), «Басқа сервистер» бөлімін ашыңыз, «Тексеру» батырмасын басыңыз, тексерілетін сілтемені енгізіп, «Жіберу» батырмасын басыңыз, нәтижені «Менің тексерулерім» бөлімінен көре аласыз.

https://egov.kz/cms/ru/news/Service_available

«Стоп-кредит» қызметін eGov.kz порталы немесе eGov Mobile мобильдік қосымшасы арқылы қосыңыз, алаяқтар сіздің атыңызға кредит рәсімдеуге тырысса да, ол кредиттерді беруді дереу тоқтатады. Қызметтің мерзімі шектелмейді, сондай-ақ қызметті қосқан адам оны кез келген уақытта алып тастай алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әдістемелік материалдар теориялық білімді, практикалық дағдыларды және сыни ойлауды кейстер, іскерлік ойындар, практикалық тапсырмалар мен пікірталастар арқылы біріктіре отырып, білім алушылардың қаржылық сауаттылығын дамытудың кешенді тәсілін қалыптастырады. Осылайша білім алушылар:

Біріншіден, ақша түрлері мен есеп айырысу тәсілдерін ажыратуды – қолма-қол ақша, қолма-қол емес ақша, онлайн төлемдер, QR-кодтары, банктік аударымдар және әр әдістің артықшылықтары мен қауіптерін түсінуді.

Екіншіден, қаржыны жоспарлау және басқаруды – инвестициялық мүмкіндіктерді бағалауды, күрделі пайыздарды есептеуді, жинақтауды, кредит, бөліп төлеу немесе жинақ туралы шешім қабылдауды.

Үшіншіден, сыни ойлауды және қаржылық жауапкершілікті дамытуды – қауіпті талдауды, пайданы бағалауды, болашақ зейнетақыны және қаржылық шешімдердің салдарын болжауды.

Төртіншіден, цифрлық ортада өз құқықтарын бағалауды және қорғауды – алаяқтық белгілерін анықтауды, ықтимал қауіптерге дұрыс жауап беруді және ақпараттық қауіпсіздік қағидаларын сақтауды үйренеді.

Бірлесіп жұмыс істеу және ұжымдық шешімдер қабылдауды да үйренеді, топтарда жұмыс істеу тәжірибе алмасуға, әртүрлі көзқарастарды талқылауға және командалық өзара іс-қимыл құзыреттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Негізгі тұжырымдар:

- білім алушылар нақты өмірлік жағдайларға еліктейтін практикалық тапсырмалар мен кейстер арқылы қаржылық білімді жақсы меңгереді;

- заманауи цифрлық құралдар мен әдістер, оның ішінде FinGramota.kz ресурстары қаржылық сауаттылық пен сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді;

- топтарда жұмыс істеу және пікірталастарға қатысу мотивацияны, қаржылық шешімдер қабылдауға деген сенімділікті арттырады және өз ұстанымын қорғай алуына дәлелді түрде ықпал етеді.

Материалдар кешені білім алушылардың жеке қаржыны тиімді басқару дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, қаржылық хабардарлықты арттырады және оларды дербес қаржылық шешімдерге дайындайды.

Оқу-дидактикалық материалдар білім алушылардың қаржылық сауаттылығын жан-жақты дамытуға бағытталған білім беру процесін тиімді жоспарлау үшін педагогтерге құралдар мен ресурстардың толық жиынтығын ұсынады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы.
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
4. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы.
5. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 27 маусымдағы № 161 бұйрығы.
6. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.
7. 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
8. FinGramota.kz оқыту медиапорталы, бұл – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында іске асыратын жоба. URL: <https://fingramota.kz/kk/about>
9. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы ҚЕАҚ Қазақстан Республикасының электрондық үкіметінің порталы – Egov.kz [Электрондық ресурс]. URL: <https://egov.kz>
10. «Қарызсыз қоғам» жобасы <https://qogamfin.kz/ru>

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1. 1-4 сынып білім алушыларының қаржылық сауаттылық дағдыларын дамыту бойынша оқу-дидактикалық материалдар.	4
2. 5-9 сынып білім алушыларының қаржылық сауаттылық дағдыларын дамыту бойынша оқу-дидактикалық материалдар.	11
3. 10-11 сынып білім алушыларының қаржылық сауаттылық дағдыларын дамыту бойынша оқу-дидактикалық материалдар.	30
ҚОРЫТЫНДЫ	43
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ	44